



**2024 жылдың 01 желтоқсанға**

**Қазақстан Республикасының  
банк секторындағы Жұмыс  
істемейтін несиелер жағдайына шолу.**



**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ  
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

**2024 жылдың 1 желтоқсанға елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несиелік портфель көлемі 34 997,8 млрд теңгені (жиынтық активтердің 59%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелік (NPL) көлемі 1 125,7 млрд теңге, немесе жалпы несиелік портфельінің 3,2% құрады (2024 жылдың 1 қарашасына – 33 755,2 млрд теңге немесе 57,7%).**

### ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелік деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 808,3 млрд теңге немесе 72% (01.11.2024 ж. – 777,4 млрд теңге) келеді.


**Қаржылық емес заңды тұлғаларға** – 317,1 млрд теңге немесе 28% (01.11.2024 ж. – 319,4 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,3 млрд теңге (01.11.2024 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.11.2024 ж.  
NPL құрылымы



01.12.2024 ж.  
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер      ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі «**KASPI BANK**» АҚ келеді – 283 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,8%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– «**Қазақстан Халық Банкі**» АҚ – 270 млрд теңге (несие портфелінің 2,4%);

– «**Еуразиялық банк**» АҚ – 104 млрд теңге (несие портфелінің 6,6%);

– «**First Heartland Jusan Bank**» АҚ – 103 млрд теңге (несие портфелінің 7,9%);

— «**Bereke Bank**» АҚ – 93 млрд теңге (несие портфелінің 6,7%).


### Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелер портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі «Нұрбанк» АҚ келеді – 9,9%.

Әрі қарай несиелер портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: «Банк ВТБ» ЕБ АҚ (9,6%); «First Heartland Jusan Bank» АҚ (7,9%); «Home Credit Bank» АҚ (6,9%) және «Bereke Bank» АҚ (6,7%).

### Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: [nationalbank.kz](http://nationalbank.kz)  
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ  
 Корпоративтік даму департаменті дайындады